

Логикалық ойынмен балаларды дамыту

Алтаева Сауле Улановна
«Балақай» бөбекжайы КМҚК
тәрбиешісі

Бала ойында қалай болса, ол өскенде де, жұмыста да сондай адам болады.

А.С. Макаренко

Ең алдымен таным көзі – сезім арқылы қабылдауы, бала өз тәжірибесінен бақылап, көріп тануынан тұрады. Сезіну процесі кезінде бала бір нәрсені немесе заттың қасиетін, құрылымын таниды.

Баланың логикалық ойлау түсінігі ең алдымен, оның сезінуімен байланысты. Негізінде баланың логикалық ойлау қабілеті дегеніміз қарапайым математикалық алғашқы ұғымдарын меңгеруден басталады. Өйткені, бала сөйлей бастап өзінің мекенжайын, телефон нөмерін жаттай бастайды. Міне, сан, санау осыдан басталады. Оны жүйелі түрде дамыту ата-ана мен тәрбиешінің баланы қоршаған адамдардың – басты міндеті.

Бүлдіршіндердің логикалық ойлау ұғымдары ойын арқылы үйретудің, заттарды әр түрлі геометриялық пішіндерден құрастырудың, ауызша есеп шығарудың көру арқылы салыстырудың, қиялдаудың, жұмбақтар жаттаудың маңызы өте зор. Ойын арқылы мектеп жасына дейінгі балалар негізгі іс-әрекет кезінде айналадағы өмірден алған білімдерін, әсерлерін, жинақтаған тәжірибелерін өз бетінше іс жүзіне асырады. Таным оқу іс-әректінде логикалық ойындар арқылы баланың ақыл-ойының дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес, танымдық іс-әрекет амалдары мен тәсілдері игерумен бірге есте сақтау, ойлау, елестеу, танымдық, шығармашылық қабілеттерінің дамуын тұтас қамтиды. Сөз бен сөйлеу әрекеті- ойлау құралы болып табылады. Есте сақтау және ойлау қабілеттерімен тығыз байланысты. Өйткені солардың негізінде логикалық ойлау, ұғым қалыптасады. Баланың көрнекі-әрекеттік ойлауы заттармен нақты әрекеті арқылы жүзеге асады. Олар әр түрлі заттарды пайдалану, қоршаған ортамен, адамдармен қарым-қатынас жасау барасында білім және тәжірибе жинақтайды. Көрнекі – бейнелі ойлау мен оған ықпал ететін көрнекі – схемалық ойлаудың мәні одан туындаған жағдайларды шешу үшін бала заттардың өзіне емес, олардың бейнесіне сүйену арқылы бейнеленеді. Сөздерді еркін қолданады, өз пікірін айтуды, оны негіздеуді, қарапайым заңдылықтарды анықтауды, салыстыруды, талдауды, пайымдау логикасын, ойлауды үйренеді. «Балақай» балабақшасында балалармен қарапайым математикалық түсінікті дамытуға бағытталған арнайы оқу іс-әрекеттері өткізіледі. Логикалық, дидактикалық

ойындар ұйымдастыру қажет етеді. Балаларды санауға үйрету үшін мынадай ойындарда ұсынуға болады.

Дидактикалық ойындар: «Қандай сан қалып қойды?», «Ретімен санауға жаттықтыратын ойындар», «Көршілес сандарды тап», «Топтастыру», «Ойнайық та ойлайық», «Бір зымыранмен ұшамыз» осындай ойындар балаларды санауға жаттықтырады, олардың сан белгілерін, сандар және шектес сандардың ара-қатынасы туралы тиянақтайды. Балалар сандарға байланысты ертегілер біледі. («Жеті лақ пен қасқыр», «Үш аю»). Ойын барысында берілген тапсырмаларды шешуде балалардың ақыл – ойы дамиды. Балаларды ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып, ойлануға бағыттайды, заттың атың немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады. Сонымен қатар, ойын барысында бала үлкендермен, өз құрбыларымен қарым-қатынас жасайды. Әр бала өз жетістігіне қуанып, мәз болады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың кішігірім математикалық терминдері: геометриялық пішіндердің атауларын (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш т.б.) және олардың элементтері (қыры, бұрышы) болатынын, (қосу, алу, тең) ұғымдарын үйренеді. Балалар қарапайым математикалық дәлдікті шешуді үйренеді. Сонымен қатар, балалардың математикалық білімге деген қызығушылығы артады, берілген есепті шешуге өз күш (ерік) – жігерін жұмсайды. Балада алғашқы түсініктер индуктивті және дидуктивті ойлау қалыптасады. Бала бір заттың құрылысына, қасиетіне (пішініне, түсі т.б.) қарай талдау, сараптау, салыстыру, кеңістікті бағдарлап, салыстырмалы түрде ойлай алады. Таңертеңгі қабылдауда, үстел үсті ойындарына өткізу көп көңіл бөлу, логикалық сұрақтар қоюға болады. «Қу сұрақтар.

Ақылды сұрақтар», Ребустар шешу, жаңылтпаш айту. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде логикалық ойындар өткізу болады. «Қандай сандар жетіспейді?», «Қиындыларды дұрыс бөл», «Кім ойлампаз?» (сұрақтарға тез жауап береді). Ой жүгірту. «Сен қалай ойлайсың?», «Әрі қарай сана». Логикалық ойлау-адамның интеллектуалдық

кабілеттерінің негізін құрайды. Дамытушы ойындар балалардың логикалық ойлау дағдыларын арттырады. Сол себептен балаларға логикалық ойындарды кеңінен және жүйелі пайдаланудың маңызы ерекше.

Тәрбиеші әр түрлі жастағы топтардың бағдарламасының (программалық) құрылымын білуге тиіс. Бұл, тек өз тобының математикалық дамуы деңгейін біліп қана қоймай, сондай-ақ мектепке дейінгі балаларда математиканың рөлін және әрбір сабақтың құрлымын өз ісінде дамыту арқылы, балаларда қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыруына көмектеседі.

Математикалық түсініктерді қалыптастырудың негізгі жұмыс формасы – оқу іс-әрекеті. Сабақ барысында бағдарламаның үлкен бөлігі шешімін табады.

Балаларда бір ізді жүйе қалыптасады.

Күнделікті өмірде және іс-әрекетінде, дидактикалық ойындар мен ойын жаттығулар қолданылады. Дидактикалық ойындардың оқу іс-әрекетінен тыс уақытта ұйымдастыру, баланың математикалық түсінігін кеңейтеді, тереңдетеді, ойын бекітеді. Дидактикалық ойындар негізінен оқыту барысында

жан – жақты, бағыт – бағдар беріп отырады.

Дұрыс ұйымдастырылған оқыту ісі жаңа материалдармен жұмыс жасау, қайталау, кезектестіріп оқыту түрлерін қолдану, баланың белсенділігін арттырады.

Ойын барысында берілген тапсырмаларды шешуде балалардың ақыл – ойы дамиды. Міне, осыдан баланың логикалық ойлау қабілеті шыңдалады, дамиды. Ойындарды қолдану сабақтың әсерлігін арттырып, балалардың логикалық ойлауын математикалық қабілеттерін дамытады. Логикалық ойын – балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін арттырудағы басты құрал.

Логикалық ойындар баланың психикасында сапалы өзгерістер тудырады: бала зейінінің, жадының қалыптасуына ойлау, қиялдау қабілетінің дамуына әсер етеді. Ойлау шығармашылық және таным әрекетінің негізі болып табылады.

Логикалық ойлау – адамның интеллектуалдық қабілеттерінің негізін құрайды. Дамытушы ойындар балалардың логикалық ойлау дағдыларын арттырады.